**2015 жылға Ойыл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 20 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 ақпанда № 4195 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 05 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. . Күші жойылды – Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, Ойыл аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2015 жылға Ойыл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмысқа жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қазыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі* *М. Абдуллин*

Ойыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 20 қаулысына қосымша

## 2015 жылға Ойыл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздері

| № | Мекемелер атауы | Жұмыс және қызмет түрлері | Орында-латын жұмыс және қызмет көлемінің табиғи көрсет-кіштері | Сұраныс (жарияланған қажеттілік) | Ұсыныс (бекітілген) | Қоғамдық жұмысқа қатысушылардың кңбегіне төленетін ақының мөлшері | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жұмыс орныың саны | | | |
| 1 | "Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекет-тік мекемесі | Көптоғай ауылы, Амангелді, Қарасу, Шұбарши елді мекендерінің көшелерін тазалау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы, курьерлік жұмыс. Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 3000 шаршы метр<br>40 тонна 4000 дана | 26 | 26 | | |
| 2 | "Қайынды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекет-тік мекемесі | Қайынды ауылы, Көсембай елді мекенінің көшелерін тазалау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы, курьерлік жұмыс. Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. | 3000 шаршы метр<br>40 тонна 4000 дана | 20 | 20 | | |
| | | Сарбие | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | "Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекет-тік мекемесі | ауылы, Қаракөл елді мекенінің көшелерін тазалау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы, курьерлік жұмыс. Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. | 3000 шаршы метр 40 тонна 4000 дана | 20 | 20 | | |
| 4 | "Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекет-тік мекемесі | Қараой ауылы, Құбасай елді мекенінің көшелерін тазалау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы, курьерлік жұмыс. Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. | 3000 шаршы метр 40 тонна 4000 дана | 20 | 20 | | |
| 5 | "Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекет-тік мекемесі | Саралжын ауылы, Шиқұдық, Аққемер, Қоңырат елді мекендерінің көшелерін тазалау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы, курьерлік жұмыс. Техникалық жұмыс: құжаттарды | 3000 шаршы метр 40 тонна 4000 дана | | 25 | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өңдеуге көмектесу. | | 25 | | Қазақстан Республика-сы заңнамасы-мен белгіленген төменгі еңбек ақы | Жергілікті бюджет есебінен қаржылан-дырылады |
| 6 | "Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекет-тік мекемесі | Ойыл ауылы, Ақшатау, Қаракемер, Екпетал елді мекендерінің көшелерін тазалау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы, курьерлік жұмыс. Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. | 10000 шаршы метр<br>100 тонна<br>4000 дана | 40 | 40 | | |
| 7 | "Ш. Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекет-тік мекемесі | Қаратал ауылы, Қарасу, Құмжарған елді мекендерінің көшелерін тазалау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы, курьерлік жұмыс. Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. | 3000 шаршы метр<br>40 тонна<br>4000 дана | 25 | 25 | | |
| 8 | "Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарла-малар бөлімі" мемлекет-тік мекемесі | Техникалық жұмыс: құжат-тарды өңдеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Аумақты жинауға көмектесу. Қарт адамдарға | 1000 дана<br>5000 дана<br>500 шаршы метр<br>20 адам | | 11 | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көмек көрсету. | | 11 | | | |
| 9 | "Ойыл ауданы қорғаныс істер бөлімі" мемлекет-тік мекемесі | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Аумақты жинауға көмектесу. | 5000 дана 5000 дана 800 шаршы метр | 6 | 6 | | |
| 10 | Ойыл аудандық соты | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Аумақты жинауға көмектесу. | 5000 дана 1000 дана 1000 шаршы метр | 3 | 3 | | |
| 11 | Ойыл ауданы-ның прокура-турасы | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Аумақты жинауға көмектесу. | 5000 дана 1000 дана 1000 шаршы метр | 3 | 3 | | |
| 12 | "Ойыл аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекет-тік мекемесі | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. | 3000 дана 1000 дана | 2 | 2 | | |
| 13 | "Ойыл ауданы бойынша әділет басқарма-сы" мемлекет-тік мекемесі | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. | 3000 дана 1000 дана | 3 | 3 | | |
| 14 | Ойыл аудандық орталық кітапхана-лар жүйесі мемлекет-тік мекемесі | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. | 3000 дана 1000 дана | 2 | 2 | | |
| | | | | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Барлығы | 200 | 200 | | |

**Қоғамдықжұмыстың нақты шарттары:** Жұмыс аптасының ұзақтығы екі демалыс күндерімен бес күн құрайды, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс-бір сағат. Еңбегіне төленетін ақы жұмыс уақытын есепке алу табелінде көрсетілген нақты еңбек еткен уақытына, жұмыссыздардың жеке есепшоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК